



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

20 желтоқсан 2025 жыл Сенбі №50 (12 052)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Өлке перзенті

«Алаш аманаты» сыйлығының иегері

Қасиетті Қарқаралы топырағы қашанда ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан біртуар перзенттерге кенде болмаған. Ұлттың тарихы мен тағдырына алаңдап, елдік мұратты ту еткен сондай азаматтардың ізін жалғап келе жатқан жас буынның бірі – жерлесіміз Өділет Бауыржанұлы Жағыпар.



Жуырда елорда төрінде өткен айтұлы рухани шарада Өділет Жағыпар Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала» республикалық әдеби байқауының «Алаш аманаты» атты беделді марапатына ие болды. Арнайы марапатты «АМАНАТ» партиясының төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов салтанатты түрде табыстады. Бұл – жас ғалымның ғана емес, тұтас Қарқаралы өңірінің рухани өміріндегі зор қуаныш.

Өділет Бауыржанұлы – Қарқаралы ауданына қарасты Шарықты ауылының тумасы. Туған жердің тарихы мен тағылымына ерте сусындап өскен ол бүгінгі таңда Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің тарих факультетінде оқытушы болып қызмет атқарады. Сонымен қатар осы оқу орнында докторан-

турада білімін жетілдіріп, отандық ғылымның дамуына өз үлесін қосып келеді.

Жерлесіміз – Алаш идеясы мен Алаш қозғалысының тарихи мұрасын терең зерттеп жүрген жас ғалым. Ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі, ел тәуелсіздігі жолындағы күресі мен рухани мұрасы – оның ғылыми ізденістерінің өзегіне айналған. Бұл бағыттағы табанды еңбегінің бір көрінісі – Қарағанды қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Алаш айлығы» атты ауқымды рухани-танымдық жобаның негізін қалаушылардың бірі болуы.

Аталған жоба аясында республика өңірлерінен келген алаштанушы ғалымдар, зерттеушілер мен жас ізденушілер Арқа төсінде бас қосып, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін кеңінен насихаттауда.

Жиындардың басты мақсаты – жастардың тарихи санасын

қалыптастырып, елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды ұлықтау. Бұл – бүгінгі қоғам үшін аса маңызды әрі өзекті міндет. «Алаш аманаты» сыйлығы – Өділет Жағыпардың ғылыми-зерттеушілік еңбегіне, әдеби-танымдық ізденістеріне берілген жоғары баға. Бұл марапат жас ғалымға артылған сенім мен жауапкершілікті одан әрі арттыра түсері анық.

Туған жерден түлеп ұшқан осындай білімді, ұлтжанды азаматтардың жетістігі – кейінгі буынға үлгі, ел мерейі. Жерлесіміздің алар асуы әлі алда деп сенеміз.


Өділет Бауыржанұлын зор жетістігімен шын жүректен құттықтай отырып, ғылым жолында табыс, шығармашылық ізденістеріне толайым жеңістер тілейміз! Елге қызмет – ерге міндет.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Экономика

Қытайдың Үрімші қаласында Қарағанды облысының өңірлік өкілдігі өз жұмысын бастады. Жаңа алаң «Сарыарқа» ӘКК мен QazTrade Сауда саясатын дамыту орталығының қатысуымен құрылды.

Үрімшіде Қарағанды облысының өкілдігі ашылды



Өкілдіктің негізгі міндеті – ҚХР-дан келетін инвесторларды сүйемелдеу, Қарағанды облысының кәсіпкерлеріне Қытай нарығына шығуға жәрдемдесу, жергілікті өнімді ілгерілету, сондай-ақ В2В-келіссөздер мен іскерлік кездесулер ұйымдастыру. Кеңсенің ашылуы бірлескен жобаларды іске асыру барысында туындайтын әкімшілік және коммуникациялық кедергілерді едәуір қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

– Ең алдымен Қарағанды облысының кәсіпкерлеріне Қытай нарығына шығуға көмектесіп, инвесторларды тартуды көздейміз. Жаңа кеңседе біздің өкіліміз жұмыс істейді, ол барлық

туындайтын мәселелерді шешумен айналысады. Толық ақпаратты Инвесторларға қызмет көрсету орталығынан +7-702-007-66-61 телефоны арқылы алуға болады, — деді Қарағанды облысының өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Өкілдіктің ашылуы Қарағанды облысы делегациясының Қытайға жасаған жұмыс сапарының қорытындыларының бірі болды.

Өңір өкілдері Бейжіңде, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Үрімші қаласында, сондай-ақ Цзинань (Шаньдун провинциясы) және Таншань (Хэбэй провинциясы) қалаларында болды. Делегация ірі

индустриялықжәне логистикалық нысандарды аралап, бизнес пен билік өкілдерімен кездесулер өткізді.

Келіссөздер нәтижесінде энергетика, машина жасау, металлургия, логистика, авиация және экологиялық технологиялар салаларында ынтымақтастық туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. Атап айтқанда, Үрімші қаласында Шахтинск қаласында жаңа ЖЭО салу жөніндегі энергетикалық жобаны іске асыру туралы келісім жасалды.

Көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді.

2-бет

Тәуелсіздік тарихы

Желтоқсан желі ызғарлы...

Құрманғазы ӨТЕБАЙ

1986 жылдың желтоқсаны Ел азаттығына жасалған сұрапыл қадам екені баршаға мәлім. Алаңда қолтықтаса тұрып, азаттық аңсаған өрімдей қыз-жігіттер Кеңестер Одағының табытына жүрекпен жүдеген жұрттың мұңынан шеге қақты. «Все равны, но мы равнее всех» деген ұстаным ұлттың ұнжырғасын түсіріп, құндылықтар қыр басындағы ауылдың сарқыншағына баланып, мәңгірттіктің дерті меңдеген тұста көтерілген қазақ жастары Ел мен Жердің тұтастығын сақтап қалды.

Түрлі зұлматтан ерік пен жігердің күдіреті арқасында аман қалған Қазақ еліне Тәуелсіздікті ешкім сыйлаған жоқ. Ол бабалар мұратына берік жастардың қанымен келді. Бәз біреулер «Желтоқсан-86 оқиғасының алдын алып, қазақ жастарын қырғызбай-ақ көну керек еді» деген жаңсақ ұстанамы барын қазір де естіп жүрміз. Олай болса, қазақ даласын дүрліктірген жүздеген ұлт азаттық көтерілісті де көршінің ықпалына жығып беріп, «ала төбеттің астында қалар» күнді күткендердің ығында кетуіміз керек пе еді?! Желтоқсан тақырыбы толық ашылмағаны бесенеден белгілі дүние. Дегенмен, еліміздің барлық жерінде қасіретке толы осы көтеріліс жыл сайын еске алынып, ескеріліп келеді. Сондай ілкімді істің бірі Қарқаралыда өтті.

Ұлттық рухтың символына айналған Желтоқсан көтерілісі тақырыбы Қарқаралы қаласында 2025 жылдың 15 желтоқсанында мәнді бір шарамен аталып өтті. Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған «Тәуелсіздік тарихы-ел тарихы» атты алқа қотан отырыста аға буын мектеп оқушыларына сол оқиғалардан сыр шертті.

Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт
Сиреп қалған тоғайға «қамықпа» деп көңіл айт...



2-бет

Аудандық қоғамдық-саяси газет



Қарқаралы

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Білім

Бақты ауылының мақтанышы

Еліміздің білім кеңістігінде ауыл мектептері оқушыларының зияткерлік әлеуетін айқындайтын дәстүрлі республикалық білім сайыстарының орны айрықша. Солардың бірі – ауыл жастарының білімге деген құштарлығын арттыруды, олардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерге қызығушылығын дамытуға бағытталған республикалық олимпиада.



Жуырда Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы республикалық олимпиаданың жабылу салтанаты салтанатты жағдайда өтті. Үшінші рет ұйымдастырылып отырған бұл ауқымды білім бәйгесіне еліміздің түкпір-түкпірінен, ауылдық жерлердегі мектептерден 10-11 (12) сыныптарда білім алып жүрген 432 оқушы қатысып, өзара бақ сынады. Аталған республикалық олимпиадада Қарқаралы ауданына қарасты Бақты ауылының №21 жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Сулейманов Нари жоғары дайындық деңгейін,

терең білімін және логикалық ойлау қабілетін танытып, жүлделі III орынды иеленді. Бұл – дарынды шәкірттің табандылығы мен ізденісінің, сондай-ақ ауыл мектебіндегі сапалы білім мен ұстаздар еңбегінің айқын нәтижесі. Білім сайысы барысында қатысушылардың пәндік білімі ғана емес, олардың ой қорытуы, тарихи-әлеуметтік мәселелерге көзқарасы, азаматтық ұстанымы да сарапқа салынды. Осындай жоғары деңгейдегі додада үздіктер қатарынан көріну – үлкен жетістік әрі зор жауапкершілік.

Сулейманов Наридің бұл жеңісі – туған ауылы мен мектебінің ғана емес, тұтас Қарқаралы

ауданының мерейін үстем еткен қуанышты жаңалық. Ауыл балаларының да үлкен білім биіктерін бағындыра алатынын дәлелдеген бұл жетістік жас өрендерге үлгі болары сөзсіз. Білімге құштарлық пен үздіксіз ізденіс – болашақ табыстың берік негізі.

Осындай білімді, талапты жастар – еліміздің ертеңі, ұлт болашағының тірегі. Дарынды шәкірт Сулейманов Нариді жүлделі орнымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы оқу жолында жаңа табыстар мен биік белестер тілейміз!

Меруерт БАЛКЕЕВА

Үрімшіде Қарағанды облысының өкілдігі ашылды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тараптар Қарағанды мен Үрімші арасында тікелей әуе қатынасын – жолаушылар және жүк рейстерін іске қосу мүмкіндігін талқылады. Бұл мәселе белсенді пысықтау сатысында тұр.

Сондай-ақ Қарағанды әуежайының карго-терминалын экспорттық-логистикалық бағытты дамыту үшін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.

Цзинань қаласында Sinotruk, «Qaztehn» ЖШС және «Saraп Machinery» ЖШС арасында Қарағанды облысында автокомпоненттер өндіру желісін, сервистік орталық пен өңірлік қосалқы бөлшектер жоймасын құру жөніндегі ниет туралы келісімге қол қойылды.

Таншань қаласында «Qaragandy Metallurgia Zauyty» ЖШС мен «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында кабель зауытын салу туралы меморандум жасалды. Жоба өңірдің инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар Қарағанды мен Таншань қалалары арасында бауырластық туралы меморандумға қол қойылып, бұл экономикалық, білім беру және мәдени алмасу үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

— Маңызды нәтижелерге қол жеткіздік. Қол қойылған келісімдер Қарағанды облысының өнеркәсібі мен инвестициялық әлеуетін одан әрі дамытуға берік негіз қалайды. Алдағы кезеңде барлық қол жеткізілген уағдаластықтарды іс жүзінде жүзеге асыру бойынша жауапты жұмыс күтіп тұр, — деп атап өтті Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Жұмыс сапары инвестиция тартуға, Қытаймен бірлескен өнеркәсіптік жобаларды дамытуға және Қарағанды облысы кәсіпорындарының өнім экспортын кеңейтуге бағытталды. Инвестициялық ынтымақтастықты күшейту жұмыстары Қазақстан Президентінің тапсырмалары аясында жүргізілуде.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

Желтоқсан желі ызғарлы...

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кездесу бір минуттық үнсіздіктен басталды. Отанын жаннан биік қойған ұлттың зиялылары туралы, қаның қасіретке қарсы төккен Желтоқсан батырлары жайында көсілген модератор алғашқы сөзді Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбаевқа берді.

Біз Тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтардың атын атап, олардың арман-мақсаттарын, өмір өнегесін жас ұрпақтың бойына сіңіру керекпіз. Қарқаралы өңірі азаматтарының бір толқыны Желтоқсан оқиғаларының арасында болғанын білеміз. Олардың өз ауызымен айтқан естеліктері – өте құнды. Тарихқа үңілер болсақ, Алаш елінің алғашқы хандарынан басталған азаттыққа деген ұмтылыс қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейін жалғасқанын қатпарлы тарихымыздан білеміз. Ұлттың тілі, ділі, дәстүрін сақтауға бағытталған женталас Алаш партиясының идеясына ұласты. Тоталитарлық жүйенің сұрқия саясатына қарсы бағытталған жастар қозғалысы мемлекет басшысының ауысуына ғана қарсы толқу емес еді. Қазақ мектептерінің жабылуы, ұлт тілінің қағажу көруі осы оқиғаларға түрткі болды. Көп дүниенің сыры Мұхтар Шахановтың 1989 жылы биік мінбеден сөйлеген сөзінен кейін ашыла бастады. Батырлардың да есімін қазақ жұрты сол кезде біле бастады, — деген Нұржан Ағыбайұлы жастарды бабалар мен әкелер аманатына берік болып, ғылым мен технологияны игеріп, ұлтқа қызмет етуге шақырды.

1959 жылдың аяғында Кеңестік жүйе елдің терістіктегі бес облысын «целинный край» қылып бөліп алмақ болғанын білеміз. Осыған қарсы Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімиденовтың әйгілі «Менің Қазақстаным» әнін жазды. Қазақ халқының рухын көтерген бұл туынды 1986 жылдың желтоқсанында қазақ жастарына асқақ рух берді. Өткен заманнан талмай жеткен «Менің Қазақстаным» әні қазір Еліміздің Әнұранына айналған. Жалындаған жүректерде шынығып, желтоқсанның суығына суарылған ұран Алматының терінде талмай шықалды. Ар мен намысты ту етіп шыққан жастардың арасында Сләмиден Нұркенов ағамыз да болған екен. 1983 жылы Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылық институтының студенті атанған жас жігіт айбынды жастармен қатарласа тұрып, жігер мен намысты ту өткен екен. Кейіннен жүйенің құдалауынан ғайыптың күшімен аман қалғанын да тілге тиек етті.

Келесі жылы Желтоқсан оқиғасына 40 жыл толады екен. Бірақ, соның барлығы күні кеше өткендей. «Қазақ жастарына мұншалықты ауызбіршілік қайдан келді?» деген сұрақты жиі



естімін. Біздің біразымыз 1984 жылы әскер қатарына алынып, 1986 жылы жазда қайтадан институтқа оралған едік. Екі жыл жырақта жүріп бір-біріне бауыр басқан жігіттердің ұйымшылдығы мықты еді. Осы достық пен өмір мектебі біздің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымызға да себеп болған шығар. Мен біздің ұлтқа деген әділетсіздікті бала кезімнен көріп өстім. Тың игеру кезінде құрылған біздің Абай кеңсарының 70 пайызға жуығы өзге ұлт өкілдері болған еді. Ішінде әр жерден қашқан қағылған-соғылғандары да жетерлік еді. Мен орыс сыныбында оқыдым. Үзіліс арасында қазақ балалары ана тілімізде сөйлессек, біреулер дереу мұғалімдерге «Они по казакский разговаривают» деп жеткізетін. Ұс-таздарымыз сол кезде шоматынбыз. Біздің жатақханаға КазГУ мен консерватория жігіттері келіп, «Жігіттер естідіңдер ме? Ертең не істейміз? Алаңға барайық!» деп уағдаласып, түні бойы тыпыршып ұйықтай алмадық. Ертесіне сағат 8 шамасында елу шақты бала жиналып, алғашқылардың бірі болып алаңға аттандық. Алаңда тұрғанымызда «Балалар қайтыңдар. Санкцияланбаған митинг үшін ертең оқудан шығасыңдар» деп ойымыздан қайтармақ болған жоғары шенді офицерлер де болды. Біз қолымызға транспаранттар ұстап, жанды шүберекке түйгендей тұра бердік. Бір мезетте өз қатарымыздан белгілі

режиссер Өзірбайжан Мәмбетовты да кезіміз шалды. Ол кісі бізге бұрылып: Балалар қазір провокация болады. Жамандыққа бой бермеңдер, — деп рух берді. Барлығымыз «Мақтанса бүгін, мақтансын қазақ» деп ашына ән салып тұрдық. Жатақхана кезекшілігі болғандықтан, Жәлел Әуезов деген досымыз біздің тобымызға шамалы кешігіп жетті. Сол кезде оцеплениеде тұрғандар оны ұстап алып, суретке түсірген екен. Келе сала құлап жатқан транспарантты көтерген досымыздың өмірін сол кездегі жүйе түбегейлі құртты. Оқуға мықты Азамат абақтыдан абақтыға айдалып, өз елінде қызмет жасап отырған әкесі бастаған тұтас әулет партиядан шығарылып, қуығна ұшырады. Бір айтпағым, біз орысша білім алсақ та ана тілімізді басты орынға қойдық. Менің күйінетінім кейде осы Қарқаралының саябағында немерелерімен бірге шүлдіреп бара жатқан қарияларымыз. Ұлттың жаманы болмайды. Десек те, егер әр қазаққа бірінші кезекке өз ұлтының болмысын қоймаса, күллі күрес бекерге шықпай ма?! Желтоқсан оқиғасының екпінінен кейін қазақ зиялы қауымының бір парасы бізге жала жапқандай газет бетіне мақала басты. Көңілде сыз қалса да, біз кешірдік, — деп толғанған Сләмедин Қамашұлы жастарды ынтымақ пен ұлтжандылыққа шақырды.

Шара барысында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бану Мұқашева, Қарқаралы ауданының «Құрметті азаматы», Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері Мұхит Қапсаттарұлы, аудандық архивтер басқармасының басшысы Манарбек Көрім сынды азаматтар Желтоқсан оқиғаларының маңызыды тұстарын

тілге тиек етіп, жас буынға бірқатар әңгімелерден сыр шертті. «Желтоқсан желі», «Туған жер» әндерін шырқаған Қарқаралы өнер мектебінің дәстүрлі ән сыныбының мұғалімі Бақытжан Үйсінбаев алқалы отырыстың ажарын кіргізді. Қарқаралы қаласындағы академик Жәутіков атындағы мектептің 10 сынып оқушысы Жания Мұратова Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» атты өлеңін әсерлі үнмен паш етті.

Жалпы, біз Желтоқсан көтерілісі кезінде қос тараптың болғанын анық білуіміз керек. Бірі – жүйенің сөзін сөйлегендер, екіншісі – ардың үкімін орындағандар. Жастардың арасында өз достарына қарсы өтірік күелік еткендер, заң таласында жүрсе де қазақ жастарын барынша қорғап қалған атпал азаматтар да болған екен. Осы тұрғыда 1986 жылы Қарқаралы қаласында орын алған оқиғалардан сыр шерткен Манарбек Көрімұлының әңгімесін де есіттік.

Мен дәл осы уақытта Теміртау милиция мектебінде оқып жүргенмін. Бізді таңертеңгі саптан кейін Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі туған жерлерімізге қайтарып жіберді. Желтоқсанның 20 күні Қарқаралының жастары кинодан кейін сағат 22:00 көшеге шығады. Олардың басым көпшілігі Зооветтехникум, Автобаза, Лесхоздың жастары еді. Қонаевты жақтап, Колбинді даттаған ұрандары қолымдағы мына архив құжаттарында тұр. 22 күні Қарқаралы прокуроры Маманбек Ақсақов қылмыстық құрамы жоқ деп істі жабады. Ал, КГБ Талды аудандық бөлімі оны қайта қозғайды. Сөйтіп, прокурор қаулысы бұзылып, ҚазССР Қылмыстық кодексінің 60-шы, яғни, «Ұлттық және нәсілдік тең правослықты бұзу» бабы бойынша қайта іс қозғалады. Оны тергеуші Жаңабай Құрымов зерттейді. Дегенмен, қазақ азаматтары бұл істі де ұшықтырмай жылы жауып тастайды. Десек те, екі оқушы оқудан шеттетіліп, кейбірі стипендиядан айырылады. Ең үлкен зардап шеккен адам оқушылардың класс жетекшісі әрі тәрбиешісі Қанат Өтеева болды. Ол кісі жұмысынан айырылады. Алайда, аудандық прокурорлардың протестінен кейін алты айдан соң, жұмысына қайта алынады, — деп түйіндеді сөзін архив басшысы.

Қорыта айтқанда, есі түзу қазақтың азаматтары өз оғандарын жауға да, дауға да қимады. Ал, Желтоқсан көтерілісінң тоталитарлық жүйеге қарсы болғандығында күмән жоқ. Себебі, Қарқаралыдағы осы оқиғалар барысында аспанға талапшадан екі рет оқ атқан Ю.Варченконың айыбын аудандық милиция бөлімінде жұмыс істеген Рақымбек Сәттібаевтың мойнына іліп бергеннен-ақ «мы равнее других» Джордж Орвелдің қанатты сөзі көкейге оралады екен.

Сақтансаң сақтайды

Сақтық шараларын сақтаңыздар! Құрметті Қарқаралы ауданының тұрғындары мен қонақтары!

Күз-қыс мезгілінің басталуына және жылыту маусымының ашылуына байланысты тұрғын үйлерде, әлеуметтік және шаруашылық нысандарында өрт қаупі арта түседі. Осыған орай, өрттің алдын алу мақсатында пешпен жылыту, жылыту қазандықтары, электр жылытқыш құралдары мен газ жабдықтарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін еске саламыз. Тәжірибе көрсеткендей, өрт оқиғаларының басым бөлігі жылыту құралдарын дұрыс пайдаланбаудан, пеш мұржаларының тазаланбауынан, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуінен және ақаулы құралдардың қолданылуынан туындайды.

Сондықтан:

- ақаулы пештерді, электр және газ жабдықтарын пайдалануға;
- жағылып тұрған пештерді, қосулы электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
- электр желілеріне рұқсат етілген жүктемеден артық қуатты құралдарды қосуға;
- қолдан жасалған немесе сертифицикатталмаған жылытқыштарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Әсіресе, балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуді сұраймыз. Кішкентай балаларды өт көздерінің, пештердің, газ және электр құрылғыларының маңында қараусыз қалдырмау – әрбір ата-ананың басты міндеті. Өрттің алдын алу үшін келесі сақтық шараларын орындау ұсынылады:
- пештер мен түтін мұржаларын уақтылы тазалап, жарықтар мен ақаулардың жоқтығына көз жеткізу;
- жылыту жабдықтары мен газ жабдықтарының техникалық жарамдылығын тұрақты тексеру;
- электр сымдарының оқшаулануын бақылап, ескі немесе зақымданған желілерді ауыстыру;
- тұрғын үйлерге автономды түтін (өрт) хабарлағыштарын орнату, бұл өртті ерте анықтап, адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Естеріңізде болсын: өрттің алдын алу – ортақ міндет.

Қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы сіз өз өміріңізді, жақындарыңыздың амандығын және мүлкіңізді қорғап қаласыз.

Өзіңізді және айналаңыздағы адамдарды сақтаңыз! Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – қауіпсіз өмірдің кепілі.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

4

Проза

Төкіш шошып оянды. Басын көтеріп, жан-жағына қараса, түсі екен. Отырып, түсінде не көргенін ойлана бастады. Есінде мықтап сақталып қалғаны ақ сақалды, аппақ киінген, қолында аса таяғы бар, ұзын бойлы ата. Түрі де таныс. Иә, дәл өзі. Ортаншы апасы Күлзираның біре-екі жыл бұрын өмірден өткен қайын атасы Әлизақ молда.

Үйіне қонаққа барғанда төрт қабат көрпешенің үстінде көк шөй сораптап отыратын. Бір барғанында Төкішті жанына шақырып алып, біраз әңгімелескен. Әр үйдің қалыптасқан дәстүрі болады. Әлизақ атанікінде шөйдің алдында міндетті түрде бір көсе жылы су ішесіз. Ұнасын, ұнамасын. Кешкі тамақтан кейін бір литр кесені толтырып айран ішу керек. Әйтпесең, жылы қабақ дәметпегенің жөн. Соның бәрі есіне түсті Төкіштің.

Көздерін уқалап, терезеге қарады. Таң бозарып атып келеді.

Саз балшықтан салынып, сырты сабан сыбаумен сыланған тоқал тамның басқа бөлмелері қонаққа толы бұл күні. Аға-апалары түгел жиналған. Төрт апасы, бес ағасы бар. Төкіш – кенжесі. Жасы – 11-де.

Терезеге қарап, ұзақ ойланып, «жеңеше» деп қалды. Қасында теріс қарап жатқан ағасы басын көтеріп: «Осының қиялилығы бітпейді екен» деді де, әрі қарай бір аунап түсіп, ұйқыға кетті.

Төкішті қияли дейтіні – өнерге жақындығы. Мектептің түгел шарасына қатысады. Өлең жазады. Шамамен 4-5 жасында Пайғамбарлар туралы фильм көріп, «молда болам» деген. Сәл есейген соң, арманы да өзгерді. Өз тағдырының сөзбен байланысты болатынын іштей сезетіндей...

Оқыстан «жеңеше» деуінің де себебі бар. Өлгі түсінде көрген Әлизақ молданың қасындағы әйел – анасы Зибәгүл еді. Үйдің үлкендері кемпір-шалдың баласы болғандықтан, әкесін – төте, анасын – жеңеше дейді. Бұлар да солай атап кеткен.

Дәл өзі. «Жеңешем Әлизақ атаның қасында не істеп жүр?» деп ойлады іштей. Бірденені ымдап, анасына «жүр» дегендей сыңай танытады. Сәл әңгімелесті де, анасы қамдана бастады. Үстіне аппақ көйлегін киген. Бұл жүгіріп барып, етегіне жабысып, жылай бастаған.

– Жеңеше, мен де барайыншы, тыныш отырамын.

Анасы арқасынан қағып: – Жылама, Төкіштай. Барасың, әрине, – деді. Төкіш анасына жалт қарап:

– Шын ба? Барамын ба? – деді иегі кемсендеп.

– Бірақ, қайтқанда жалғыз қорқасың ғой. Одан да анау Таскөпірге дейін шығарып сал да, үйге қайт балам.

– Сен ше, бірге қайтпайсың ба? – деп сурап еді. Теріс қарап:

– Жоқ, балам, мен сенімен бірге қайтпаймын, – деді.

– Неге? – деді Төкіш өңтігін баса алмай.

– Оны кейін түсінесің, – деді де Әлизақ атаның ізіне ере берді. Екеуі де аппақ киінген. Ақырындап алыстап барады. Ана байғұс баласына қимай-қимай қарайды. Жылап, соңынан жүгірді. Жете алар емес. Тағы жүгірді. Жетті бір кезде. Қолынан мықтап ұстап алды. Біршама жер жүргені есінде. Шаршады. Бір мезетте өз үйіне ұқсайтын, бірақ, үсті жабылмаған ескі тамға келді. Әлизақ ата:

– Біз осында қаламыз балам. Кеш болмай тұрып қайт үйіңе. Анаңның айтқанын тыңдап, Таскөпірден қайтуың керек еді ғой, – деді.

Мұны естіп, Төкіш еңіреп анасына тағы жүгірді. Түк түсінбеді. Анасына жақындай алар емес. Жылап жатыр. Сол сәтте өзін әлдекім қапсыра құшақтап:

– Не болды, Төкіштай, жаңа ғана ояу едің ғой. Қайта ұйықтап кетіп, сол екі аралықта түс көріп үлгердің бе? – деп бауырына басты. Өзінен екі жас үлкен ағасы – Жәмшит екен. Сөйтсе, терезеге қарап отырып, қайта мүлгіп кетіпті. Өлгі түстің жалғасын көрген.

Айтуға болмайтын түс

(Әңгіме)

Ағасының иығына басын қойып, жасын сығып отырып:

– Жеңешеме апаршы, – деген.

– Таң атсын барасың. Дәрігер «баланы кіргізбе» деген. Үлкен кісілер бар қасында. Олар қазір бәрібір рұқсат етпейді. Білесің ғой, анамыз қатты ауырып жатыр. Қайтесің мазасын алып, босқа шаршатасың. Төкіш соңғы кезде анасын қатты сағынып жүр. Еркелегісі, сырласқысы келеді. Бір үйде тұрып, қасына бара алмайды.

– Түсімді айтам. Көрген түсімді айтып бермекшімін. Ұмытып қалмай тұрғанда, – дейді ағасына.

Түсіндегі өзінің жалғыз қалып қойып, қатты қорыққаны, анасының бұған қарамай қойғаны есінен кетер емес. Таң атқанша соны ойлаумен болды.

Бір жағынан әкесін де уайымдайды. Он баланы жеткізу оңай ма? Өзі жалғыз тұяқ болған соң «ұрпағым көп болсын» деген ғой. Әкесінің жалғыз ғана қарындасы бар...

Әкесі өмірін колхозға арнаған жан. Өйткені, Нөкістегі институттың математика факультетіне түсіп тұрғанын жерінен әділетсіздік жасалып, орнына басқа бір байдың баласы түскен көрінеді. Соған қатты ашуланып, ауылдан шықпай қойыпты. Талмай еңбек етті. Механизатор болды. Үйінен кісі үзілмейді. Азық-түлік болмаса да, кісі ертіп келетіні бар...

Шешесі Зибәгүлдің қас қысымы көтеріліп, құлап, денесінің жартысы жансызданып қалғаны да содан. Уайым мен жетер-жетпестіктен. Таяқпен 1-2 жыл жүрді. Соңында тамағынан ас өтпей қалды. Төкіш мұның бәрін біледі. Соңғы күндері анасы қатты жүдеп кеткен. Көрмесін деп, балаларын үстіне кіргізбейді...

Терезеден түскен күн сәулесі бетін қытықтады. Ақырын тұрып, дәзізге шықты да, анасы жатқан бөлмеге қарай аяңдады.

Үйдің үлкені Света Шымкенттен келген. Үш жыл бұрын, 1994 жылы Жетісай деген қалаға көшкен, отбасымен бірге. Бұларды да Атамекенге көшіріп алғысы келеді. Бірақ, әке-шешесі көнбейді. Репрессия жылдары Ақтөбе жақтан Қазалыға көшіпті, Төкіштің үлкен аталары. Үлкен атасы Тілеуберген, 100 жасаған әжесі Ұлбосын елге сыйлы сөз қонған, мал біткен жандар. Қазалыға көшкен жолда Ұлбосын әжесі толғатып, көшті тоқтатыпты. Шалқар көлінің бойына. Өмірге келген сәбидің есімін Шалқар дер қойыпты. Төкіштің тегі – Шалқар. Әжесінің есімі Дәмеш екенін естіген. Ол кісі туралы көп білмейді.

Тілеубергеннен – Ойнар мен Шалқар туған. Ойнардың ұрпақтары Ақмола жаққа көшкен. Төкіштің әкесі Қуандық – Шалқардың жалғыз ұлы. Тұрғангүл деген жалғыз қарындасы бар. Енді, міне, он баланың буыны қатайып, етек-жеңін жиған тұста жары Зибәгүл қатты ауырып қалған. Атамекенге көшейін десе, өздерін қуғыннан аман алып қалу үшін Ақтөбедең көшкен атасы мен әжесін, әке-шешесін қимайды. Олар осы Қарақалпақстанның Беруний ауданындағы Сұлтан Уәйіс зиратында жатыр. Бүкіл Қарақалпақ, Өзбек елі білетін, туыстарын жерлейтін үлкен қойымшылық.

Аталары бір кездері көшіп келіп, Беруний ауданының көрші Елуқала ауданымен шектесетін Қызыл қала колхозы, Алғабас совхозына тоқтаған. Мұнда ескі қалалар көп. Қызыл қала, Топырақ қала, Аяз қала жəне т.б. Беруний ауданының орталығы Беруни қаласы бір кездері Хорезм мемлекетінің астанасы болған көрінеді. Мұны да үлкендердің әңгімесінен естіген. Әкесі Қуандық

Соңғы бет

Сілтемдер

Сілтемдер

Сілтемдер

Сілтемдер

ұрпақтарымен осындай қасиетті жерге әбден бауыр басып, еліне еркелеп өмір сүріп жүр еді. Аяқ асты жан жарына ауру жағаласты. Бір жағынан өз қолымен тұрғызған қарашаңырақты да қимайды.

Төкіш анасының қасына келсе, ояу жатыр екен. Апалары көрінбейді. Таңғы ас ішуге кеткен болар. Көп ойланып тұратын уақыт жоқ. Төкіш түсінде көргенінің бәрін ақтарып салды, анасына...

– Кетпейсің ғой. Менімен бірге барып, үйге қарай жалғыз өзімді жібермеші. Әлизақ атаға ермейсің ғой. Ол неге келді?

Бірнеше сұрақ қойды. Анасы үнсіз. Қатты жүдеу. Жақ сүйектері шығып кеткен. Біраздан бері нәр татпайды. Тамағынан ас өтпейді...

Анасы Төкіштің маңдайынан сипап, бауырына басты. Бар күшін жиып, бетінен сүйді.

– Бара ғой жарығым, беті-қолыңды жуып, шөінді іш. Алаңдама. Мен сені тастап ешқайда кетпеймін, – деді де ақырындап оң жақ бүйіремен жатуға ыңғайланды.

Осы кезде Света апайы кіріп келіп:

– Не деп сайрап отыр мына жүгермек. Баланы кіргізбендер дегенім қайда? – деп өзінен кейінгілерді сөзбен сыбап-сыбап алды. Бәрі жиналып, анталап қалған.

Жазира апайы: – Не айттың шешеңе? – Түсімді айттым. – Қандай түс? Бізге де айтшы. – Түсімде Күлзира апамның қайын атасы ақ киініп келіп, жеңешемді де ақ киіндіріп, ертіп кетті. Мен де қасына бардым. Төбесі ашық ескі там екен. Жеткен соң жеңешем мені тастап, сонда кірді. Жалғыз қалдым. Қатты қорықтым. Неге Әлизақ атамен барып, маған қарамай қояды? Осыны естігенде шешесі ауыр күрсінді. Төкіш ұмтылып, анасын құшақтап еді. Үнсіз, егіліп жылап жатыр. Шошып кетті. Сол сәт үлкен апасы Света Төкішке айқайлап, бөлмеден қуып шықты.

– Түсің бар болсын сенің. Ауырып, өлім аузында жатқан адамға сондай түсті айта ма екен? Алып кетіндер ананы. Басты қатырмасын. Қазір дәрігер келеді. Күндегі ем-домның уақыты болды, – деді. Света әулеттің үлкені болғандықтан осындай қатал еді...

Төкішті Жазира апайы сөзге айналдырып, бетінен сүйіп, арғы бөлмеге алып кеткен. Анасының егіліп жылап жатқаны көз алдына келе берді. Қанша ойланса да, неге жылағанын түсіне алмады. Күні бойы соны ойлап жүрді. Түстен кейін көршінің балаларымен ойынға араласып, бір мезгіл бәрін ұмытқандай еді. Кешкі тамақтың үстінде Света апайы ондай түстерді ауырып жатқан адамға айтуға болмайтынын тағы ескерткен.

– Сөйтсең, шешеміз сауығып кетеді. Сосын бәріміз баығдай қалаға барамыз. Балмұздақ жейміз. Үргенішке өтеміз. Дарияны көресің. Нағашыларыңа барасың, – деді.

Төкіш дариядан өткенде қатты қуанып, ағын судан көзін алмайтын. Суда бір тазалық қасиеттің барын түсінбесе де, іші сезетін. Анасының бауыры Нұрқожа Үргеніш қаласында тұрады. Екінші інісі Орынбасар Елуқала ауданының орталығы Бостан қаласынан пәтер сатып алған. Анасы Зибәгүлдің әкесі Сәдет ерте өмірден өтіп, анасы Раманкүл екінші рет Бижан деген кісіге тиеді. Бижаннан туған анасының басқа бауырлары да бар. Раманкүл Бижанға тұрмысқа шыққан соң, Төкіштің анасы Зибәгүл мен екі бауырын өз інісі Итібарға аманаттаған. Итібар ақсақалдың әйелі – Үржан жеңгесі Төкіштің анасын еркелетіп, «Жиен қыз» дейді. Ал Төкіштің үлкен апасы Светаны анасы «Ілпи» десе, үлкен ағасы Қанатты «Шәнәш» дейді. Өз есімдерімен атамайды. Өйткені, ол екеуін ата-әжесі Шалқар мен Дәмеш

Сілтемдер

Сілтемдер

Сілтемдер

тәрбиелеген... Төкіш бүгін ерте ұйықтап қалды. Қатты шаршаған. Тағы түс көрді. Түсінде анасы екеуі қол ұстасып, нағашылары жақта қонақта жүр. Балмұздақ та жеген. Дария бойында серуендеп те қайтады. Қайықпен дариядан өтеді. Үргеніштің тарихи орындарын аралайды. Елдің бәрі бұларға қызыға қарайды. Әдемі киініп алған.

Серуендеп жүріп, қаладан алыстап кетіп, адасып қалыпты. Маңайы тас-түнек қараңғы. Ешкім жоқ. Екеуі ғана. Бір кезде қасқырдың ұлыған дауысы естілді. Ұлыған дауыс жақындай түсті. Дәл қасынан шықты. Қараса, анасы жоқ. Жалғыз қалған. Ұлыған дауыс дәл жанынан үрейлі естілді. Қатты қорыққан Төкіш:

– Жеңеше-е-е-е-е, – деп айқайлап жіберді.

Шошып оянды. Тағы да түсі екен. Бұл неткен бітпейтін түс?.. Бірақ, ұлыған дауыс басылар емес. Абыр-сабыр, кіріп шыққан кісілердің дауысы күшейіп барады. Жүгіріп дәлізге шықты. Ұлыған дауыс анасы жатқан бөлмеден естілді. Бар күшімен анасына ұмтылды. Ағалары құшақтап, көтеріп алды. Жібермеді. Анасының денесі ақ матамен толық жабық тұрды. Ұлыған дауыс апаларының жылағаны болып шықты. Жоқтау. Бар өмірін қиындықпен өткізген анасын өлімге қимай, егіліп жылап жатты. Жасынан жетім қалып, нағашыларының үйінде өсіп, 15 жасында тұрмысқа шығып, 10 құрсақ көтеріп, оларды әупірімдеп жүріп жеткізіп, енді рахатын көрер кезде жаны үзіліп, фəніден бақиға аттанып кете барды. Осыны айта алмай, көмейге өксік түйіліп, жылап жатты апалары...

Төкіш анасынан мәңгілікке айрылғанын түсінді. Қайтыс болған адамның бетін жауып қоятыны туралы естіген. Түсінің ақиқатқа айналғанын ұқты. Енді, ешқашан анасымен қол ұстасып жүре алмайтынын сезді, бала жүрегі. Өксіп-өксіп жылап жіберді. Тоқтай алмады. Айқайлап, анасының атын айтып, өкіріп жылады. Үйдің іші азан-қазан. Төкіштің қатты жылағанын көрген апалары оны өз бөлмесіне апарып жатқызды. Жұбатты. Жылай-жылай, анасын ойлап жатып, талықсып ұйықтап кетті.

Тағы түс көре бастады. Бұл жолы түсінде әкесін көрді. Ол теріс қарап терең ойдың үстінде отыр. Сыңарынан айрылған ақжұдай өңі жүдеу. Көзіндегі оттың да жалыны қайтқан. Бірақ, әкесі өзін емес, анасыз қалған он баласын уайымдап отыр еді...

Қасына жақын келіп: – Тəте, жеңешем енді келмейді. Мен оны түсімде көрдім. Енді, сен де кетіп қалмашы, жарай ма. Сен де мені тастап кетсең, қалай өмір сүремін, тəте?.. Маған кім ертек айтып береді? Кім мектепке жібереді? Үргенішке кім апарарды? Киім алуға кіммен барамын?

Осы сəтте әкесі оны құшақтап, бауырына қатты басты. Құшақтауы қимастықты аңғартқандай. Ол да көп ұзамай кететін сияқты көрінді. Төкішке...

– Қайда барамын мен сені тастап? Қасында жүремін үнемі, балам. Сен бəрінен ақылдысың. Кенжетайым сол. Құлыным менің. Сен өте білімді жігіт болып өсесің. Өлеңдерің қазіргіден сұлу өріледі, əлі-ақ. Сенімен мақтанамын балапапым, – деді әкесі. Төкіштің көңілі орнына түскендей болды.

– Саған тағы бір айтарым бар. Адам өмірден өтерде Алла Тағала оның ең жақын адамына аян береді екен. Ескертетін көрінеді. Анаң екеуің бір-біріңді қатты жақсы көрдіңдер. Сенің көрген түсің – сол Жаратушы Иеміздің аяны балам. Демек, сен тегін бала емессің, құлыным. Мұндай Алланың аяны жаны таза, жүрегі пəк жандарға ғана түседі. Бірақ, сен оны анаңа айтпауың керек еді. Өйткені,

өлім аузында жатқан адам кеудесінен жаны шықпағанша, өлетінін мойындамайды. Ал анаң түсіңді ақтарып салып, оған өмірден өтетінін сездірдің. Бұл – өте қиын жағдай, жарығым. Саған осындай маңызды дүниелерді ертерек айтпаған өзім кінәлімін. Әлі өмірің алда. Осы сөзімді есінде мықтап сақтап ал. Түстің де айтылатыны һәм айтылмайтыны болады. Сенің анаң жайып салған кешегі түсің айтуға болмайтын түс еді...

Дəл осы сəтте Төкіш оянып кетті. Бірақ, бұл жолы түсін ешкімге айтпады. Әкесінің өзін қимастықпен құшақтағанын ойлады. Ойлады да, бұл ойын тез ұмытуға тырысты...

Өзінің асығыс жасаған ісінің кесірінен анасының қиналғанын, ажалын мойындағанын енді түсінді. Алайда, бəрі кеш еді. Осы бір жайт оны бір-екі күнде есейтіп жіберді. Анасы түсінде айтқанындай оны жерлеуге апарарда Таскөпірге дейін шығарып салды. Әкесі мен ағалары сол жерден анасын көлікке салып, Сұлтан Уәйіс зиратына алып кетті. Таскөпірдің үстінде өзін мәңгілікке тастап кетіп бара жатқан анасын қимай, ет-жүрегі езіліп, үнсіз отырып қалды. Жылайын десе, жылай-жылай жасы да таусылған. Көршісі Өлібай ағай:

– Жылама, Төкішжан. Өлі-ақ ержетесің. Бəрі жақсы болады. Анаңның басына барып, Құран бағыштап тұр. Сен көп жыласаң өкен де ауырып қалады, жылама, – деді.

Осыны естіп, Төкіш орнынан атып тұрып, көз жасын сүртті. Жерлеуге бармаған ауыл адамдары Таскөпірдің үстінде тізе бүгіп, ауыл молдасы Құран сүрелерін дауыстап оқыған соң, ақырындап тарап жатты.

Таскөпір – Төкішке өте ыстық. Ыстық болатыны 4-5 жасар кезінде осы көпірден өту арман болатын. Өтсе, арғы жағында басқа әлем бар сияқтанатын. Үлкендер «Қазақпақа құлап кетесің, балыққа жем боласың. Таскөпірге жоламандар» дейтін. Қазақпа – дарияның суын елге жеткізетін канал. Сол су болмаса елдің күні қараң. Егін өспейді... Каналды жергілікті қазақтар қазған. Сондықтан, «Қазақпа» атайды.

Төкіш қайта-қайта тырысып,

Таскөпірден ақыры өткен. Осылай, өзін жігіт қатарына қосып, арғы жақтағы дүкенге, Итібар нағашысының үйіне, поштаға еркін баратын болды. Ол жай көпір емес. Балалығы мен есейген шағын жалғап тұрушы алтын көпір. Ал бүгіннен бастап әрі қатыгез көпір. Себебі, ыстық естелікке толы өз көпірінен анасын ақтық сапарға шығарып салам деп мүлде ойламаған. Бірақ, мұны анасын түсінде айтқан екен. Анасының ол сөзі дәл қазір есіне түсті. «Өмір неткен қатыгез» деп ойлады, іштей. «Бәсе, Таскөпірдің атауы тас бола тұра қалайша жақсылықтың тұрағы болады?» деп ойлайтын. Енді, Тас көпірдің шынымен аты затына сай қатал екенін ұққан. Өмірдің өзіндей. Сонда «Өмір деген менің түс көрген сәтім мен ояу жүрген кезімнің арасындай ғана қысқа болады екен ғой» деп күрсінді Қазақпақа қарап тұрып...

Ағып жатқан лайлы суға көзін қадап, ұзақ отырып қалыпты. Жаңа ғана алаулап атқан күн көзді ашып жұмғанша, аялдай тұрмағанына ұялғандай қып-қызыл болып, ылдифа қарай құлап барады.

– Бірақ, енді жыламаймын. Әйтпесе, өкем де ауырып қалуы мүмкін, – деді де, үйге қарай беттеді. Жалғыз өзі томпаңдап, батқан күнмен жарыса борпаң көшіп, үйіне кетіп бара жатты. Миында – айтуға болмайтын түс... Оны орынсыз уақытта айтудың зиянын анық түсінді. Жалпы, Алланың жүрегі таза жандарға ең жақын адамы өмірімен қоштасарда аян беретініне көзі жетті. Бірақ, арада 3 жыл өткенде дәл осы Таскөпірден, әкесі Қуандықты да шығарып салатынын бала жүрегі сезген жоқ еді...

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, ҚР Жазушылар одағының мүшесі

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор Құрманғазы ӨТЕБАЙ	100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс) Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23 Бухгалтерия – 31-4-56 E-mail: karkaraly_too@mail.ru Біздің есепшотымыз: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZZKX БИН 990940002210	Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.	Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Ғ.С. Алғашқы есепке қою кезіндегі немірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Ғ Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.
	Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.		Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 50